

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТТАРДЫ АУДАРУДЫҢ ТҮПНҰСҚАЛЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Көптлеуова Әсемай Мұхтарқызы

koptlleuova@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, "Халықаралық құқық" білім беру

бағдарламасының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з. ғ. д., профессор Абайдельдинов Ербол Мусинович

Халықаралық шарт халықаралық құқықтың негізгі дереккөзі болып табылады. Халықаралық инвестициялық келісімшарттар инвесторлардың мүдделерін қорғау және халықаралық инвестицияларды ынталандыру үшін құқықтық негізді қамтамасыз ете отырып, экономиканың ажырамас бөлігіне айналды. Халықаралық инвестициялық келісімшарттар тікелей инвесторларға нақты құқықтар мен кепілдіктер береді. Соңғы жылдары мемлекеттер сыртқы инвестициялардың экономикалық дамуға әсерін мойындап, шетелдік инвестицияларды тарту үшін белсенді жұмыс істеп келеді. ҚР СІМ коммуникациялар департаментінің директоры А.Смадияровтың айтуынша, 2023 жылы ҚР Президентінің тек Қытайға мемлекеттік сапары нәтижесінде 30 құжатқа қол қоюы шетелдік инвестицияларды тарту бойынша белсенді жұмыстың жарқын үлгісі болды. Ары қарай 67 инвестициялық келісімшарт инвесторлар тарапынан елдің экономикалық перспективаларына деген сенімнің жоғары деңгейін көрсетеді [1]. Халықаралық инвестициялық келісімшарттардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету инвесторларды тарту ғана емес, ел ішінде қолайлы инвестициялық ахуал жасау. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасына инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін жақсарту жөніндегі шаралар туралы Жарлығы инвестициялық ортаны үнемі жақсартуға және инвесторлардың мүдделерін құқықтық қорғауды күшейтуге ұмтылғанын айғақтайды [2].

Инвестициялық келісімшарттың табиғаты туралы сараптамалық пікір әртүрлі, бұл маңызды құқықтық реттеу құралының әртүрлі көзқарастарын көрсетеді. Мысалы, С. П. Мороз инвестициялық келісімшарт азаматтық-құқықтық келісімдердің бірегей түрі деп санайды, оны қызмет салалары бойынша емес, экономикалық бағыттар бойынша бөледі [3]. Э. М. Омурчиева келісімшартты ерекше артықшылықтармен инвестициялау шарттарын анықтайтын құжат ретінде қарастыра отырып, инвестициялық преференцияларға назар аударады [4]. ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 294-бабы инвестициялық келісімшартты инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шарт деп айқындайды [3].

Аударманың түпнұсқалығы – құқықтық терминологияның контексті мен ерекшеліктерін түсінуді қажет ететін процесс ғана емес, сонымен қатар терең лингвистикалық білімді талап етеді. Түпнұсқалық деп халықаралық шарттың мәтіні келісілгенін және оны қайта қарастыру мүмкін еместігі мойындалады. Аударманың түпнұсқалығының маңыздылығы инвестициялық шарттардың тұрақты және тиімді жұмыс істеуі үшін аса қажеттілікке ие. Мұнда әрбір сөз халықаралық инвестициялық климаттың тұрақтылығы мен болжамдылығы үшін жауапкершілік салмағын көтереді. Бұл мақалада, біз халықаралық инвестициялық шарттардың аударма түпнұсқалығының бірнеше аспектілерін қарастыра отырып, түпнұсқа аударманың маңыздылығын көрсететін негізгі жағдайларды қарастыратын боламыз.

Кез-келген шарт тараптардың мүдделерін негіздей отырып, субъектілердің құқықтары мен міндеттерін тудырады. Инвестициялық шарт мақсатында тараптардың мүдделерін көрсету - бұл мәміленің ниеттері мен қажетті нәтижелерін анықтауға көмектесетін негізгі аспект. Бір қызығы, инвестициялық және кәсіпкерлік қызметте негізгі мотивация пайдаға қол жеткізу болып табылады. Алайда, шарттың маңыздылығы тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілеумен ғана шектелмейді. Шарт барлық қатысушылар үшін жарамды және міндетті болуы

үшін оның түпнұсқалығын анықтау қажет. Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 10-бабы шарт мәтінінің түпкілікті және сенімді болуын қамтамасыз ететін рәсімдерді айқындайды [4].

Шарттың түпнұсқалығын белгілеу процесі шарттың мәтінінде көзделген немесе қатысушы мемлекеттер арасында келісілген әртүрлі кезеңдерді қамтиды. Бұған шарттың мәтініне немесе оның ережелерін қамтитын конференцияның қорытынды актісіне қол қою, *ad referendum* мәтінін алдын ала мақұлдау, сондай-ақ мемлекет өкілдерінің қол қоюы кіреді. Мәтіннің түпнұсқалығын анықтаудың маңыздылығы оның құқықтық міндеттемесі мен құқықтық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Кез-келген мемлекеттің құқықтық жүйе сапасының көрсеткіші - тараптардың халықаралық инвестициялық шарт ережелерін біркелкі түсінуі. Егер инвестициялық шарт мәтінін және оның терминдерін түсіндіру халықаралық түсіндіруден өзгеше болса, құқықтық белгісіздікке әкелуі мүмкін. Халықаралық құқық саласында халықаралық шарттар құқығы туралы Вена Конвенциясы аударманың түпнұсқалығы мәселелерін реттеуде шешуші рөл атқарады. Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 33-бабының 4-тармағына сәйкес, жалпы ережелер мен қосымша түсіндіру құралдарының көмегімен шешуге болмайтын түпнұсқа мәтіндердің мағынасында сәйкессіздіктер анықталған кезде, шарттың мақсаттары мен объектісіне барынша сәйкес келетін мағына қабылданады [4]. Бұл халықаралық шарттың әртүрлі тілдік нұсқаларын салыстыру кезінде оның мақсаттарына сәйкес келетін түсіндіруге басымдық берілетінін білдіреді.

Жоғарыда көрсетілген ереже инвестициялық келісімшарттар аясында да маңызды. Бұл шарттар инвестициялық қызметті реттеуге және инвесторлардың құқықтарын қорғауға негіз болады. Мұндай құжаттардың аудармасының түпнұсқалығын қамтамасыз етудің кейбір аспектілерін атап өту керек.

1. Инвестициялық келісімшарттар әртүрлі елдер арасында жасалған кезде, олар көбінесе бірнеше тілде түпнұсқа мәтіндерге ие болады. Бұл мәтіндерді олардың біртұтас мағынасын анықтау және шартты түсіндіру процесінің негізгі қадамы болып табылады. Мәтіндердің бір мағыналы презумпциясы тараптар қабылдаған шарттар мен міндеттемелерді біржақты және дәйекті түсінуге кепілдік беру үшін барлық тілдік нұсқаларды мұқият талдау қажеттілігін растайды. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы № 54 Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен екіжақты халықаралық шарттары жасалатын тілді белгілейді. Осы Заңға сәйкес мұндай шарттар ҚР-ның мемлекеттік тілінде жасалуы тиіс. Қажет болған жағдайда олар тараптардың келісімімен басқа тілдерде де жасалуы мүмкін. Себебі бұл шарттар инвесторларды қорғау, дауларды шешу және тұрақты инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету сияқты инвестициялардың кейбір аспектілерін реттейді. Осылайша, инвестициялық шарттарды қоса алғанда, халықаралық шарттар мәтіндерінің түпнұсқалығы олардың дұрыс түсіндірілуі мен қолданылуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Инвесторлардың құқықтарын қорғаудың негізгі құралы екіжақты және көпжақты инвестициялық келісімдер (BITs және Mits) болып табылады. Елдер арасында жасалған бұл келісімдер инвесторлар мен қатысушы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ дауларды шешу тетіктерін белгілейді. Олар заңсыз экспроприациядан қорғау, залал үшін әділ өтемақыны қамтамасыз ету, сондай-ақ әділ және тең құқықты қарым-қатынас кепілдіктерін қамтуы мүмкін. Мұндай келісімге Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швеция Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім мысал бола алады [5]. 2006 жылдың 1 тамызында күшіне енген бұл келісім екі елдің инвесторларына қажетті құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді және өзара тиімді инвестициялық қатынастарды дамытуға жағдай жасайды.

2. Халықаралық инвестициялық шарттар контекстінде аудармадағы қателіктер немесе түпнұсқалықтың сақталмауы шарттық міндеттемелерді жүзеге асыруды едәуір қиындатады. Түпнұсқа аударманың болмауы өз кезегінде түсініспеушіліктер және құқықтық

терминдердің әртүрлі түсіндірулеріне әкеледі. Халықаралық инвестициялық даулар арбитраждық трибуналдар алдында іс жүргізу объектісіне айналуы дәлел болады.

Инвестициялық дауларды шешу процесінде аударманың түпнұсқалығы халықаралық инвестициялық шарттар мен келісімдердің дұрыс түсіндірілуін анықтауда шешуші рөл атқарады. Мысалы, *In Kilic Insaat Ithalat Ihracat Sanayi ve Ticaret Anonim Sirketi v. Turkmenistan* (ICSID Дело № ARB /10/1) ICSID трибуналы Түркия мен Түрікменстанның екіжақты инвестициялық шартының (BIT) ағылшын және орыс мәтіндері арасындағы дауды инвестордың жергілікті соттарға төрелікке беру міндеттемесіне қатысты келіспеушіліктерді қарады. Трибунал 1969 жылғы халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясын (VCLT) қолданды және екіжақты келісім дауды төрелік алдында Түрікменстанның ұлттық соттарына беруді талап ететіндігін анықтады. Шарттың VII бабында дауды төрелікке беруге қатысты ағылшын және орыс мәтіндерінің арасында айырмашылықтар анықталды. Ағылшын мәтінінде инвесторға жергілікті соттарға жүгіну опциясын беретін «If – егер» сөзі, ал орыс мәтіні жергілікті соттарға міндетті түрде тапсыруды білдіретін «Шартпен» тіркесін қолданылады. Осыған байланысты ағылшын мәтіні екі жақты түсіндірілуі мүмкін, бұл ағылшын мәтінінде белгісіздік тудырады. Трибунал Вена конвенциясын (VCLT) пайдалана отырып бұл дауды жергілікті соттарға беру міндеттілігін растады [6]. Дегенмен, трибунал істің мәні бойынша юрисдикцияны анықтамады. Бұл шешім арқылы келесідей қорытынды жасалды:

- Халықаралық инвестициялық даулар туындаған кезде түпнұсқа аударма аса үлкен рөл атқарады. Екіжақты инвестициялық шарттың ағылшын және орыс мәтіндері арасындағы келіспеушіліктер тіпті ең кішкентай тілдік айырмашылықтар құқықтық белгісіздіктерге қалай әкелетінін көрсетеді. 1969 жылғы Вена конвенциясына негізделген трибуналдың шешімі мәтіндерді дұрыс түсіндірудің және түпнұсқа аударудың маңыздылығын көрсетеді, бұл халықаралық инвестициялық дауларды шешудің тұрақтылығы мен тиімділігіне ықпал етеді.

- Шарт аудармасы тек қана техникалық түпнұсқалықты сақтау ғана емес, сонымен қатар контекст пен мәне ерекшеліктерді түсіну қажеттілігін тудырады. Кәсіби және түпнұсқа аударма - халықаралық инвестицияларға деген сенімді нығайтуға және жаһандық экономикалық қатынастардың тұрақтылығына ықпал ететін төрелік процесте әділдік пен объективтілікті қамтамасыз ететін қажетті элемент.

Тәжірибеде инвесторлар мен басқа тараптар арасындағы инвестициялық қатынастарды реттеу үшін қолданылатын халықаралық инвестициялық келісімшарттардың бірнеше негізгі түрлері бар. Осындай түрлердің бірі - лицензиялық келісім [7]. Аталған келісімшарт түрінде де түпнұсқа аударма мәселесі туындайды. Мысалы, 2022 жылы американдық «*LaRubInt Corp.*» компаниясы ресейлік «*Союзмультфильм*» компаниясына шағым түсірді, өз кезегінде американдық компания өзара келісімге сүйене отырып істі мемлекеттік сотта қарауға қарсылық білдірген.

Айта кетейік, лицензиялық келісімдер екі тілде (орыс және ағылшын) жасалды және бірдей күшке ие болды. Өзара дауларды шешу туралы мәселеде орыс тіліндегі нұсқасында: «...*арбитражного суда г. Нью-Йорка (США)*», ал ағылшын тіліндегі нұсқасы келесідей «...*the arbitration court of New York (USA)*». Жауапкердің бұл іске көзқарасы дауды мемлекеттік сотқа емес, төрелік сотқа беруді көздеді. Бұл лицензиялық келісімдер алдымен ағылшын тілінде жасалып, содан кейін орыс тіліне аударылғанын көрсетеді. Талапкер Ресейдегі төрелік соттар АҚШ-тағы жалпы юрисдикциялық соттарға тең деп мәлімдеді. Сонымен қатар келіссөздер негізінен орыс тілінде жүргізілгенін және жауапкердің өкілдері келісімдерді жасауға белсенді қатысқанын атап өтті. Сот келісімдердің екі нұсқасының да заңды күші бірдей екенін ескере отырып, дәлелдердің екі жағын да қарастырды. Дегенмен жауапкер «...*the arbitration court of New York (USA)*» терминінің мемлекеттік сотқа емес, төрелік сотқа қатысты екенін дәлелдемегенін атап, жауапкердің өтініш қабылдамады[8]. Бұл жағдай ықтимал құқықтық белгісіздіктер мен дауларды болдырмау үшін халықаралық инвестициялық келісімшарттарды мұқият және дәл аудару керектігіне дәлел болады.

Шарттарды түпнұсқа аударудың маңыздылығын, әсіресе халықаралық ынтымақтастықтың артуы жағдайында бағаламауға болмайды. Бұл құжаттарды әртүрлі тілдерге аудару сапасын жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Дұрыс жасалған шарт және оның түпнұсқа аудармасы тараптардың міндеттемелерін нақты түсінуді қамтамасыз ететін негізгі факторлар болып табылады. Сондықтан компаниялар халықаралық келісімдер жасасу кезінде заңдардың анықтығына, дәлдігіне және сәйкестігіне кепілдік беру ерекше назар аударуы керек.

Қорытындылай келе, жоғарыда қарастырылған аспектілер инвестициялық қатынастарды реттеу саласында дұрыс және түпнұсқа аударымның маңыздылығын көрсетеді. Басқа мемлекеттермен құқықтық қатынастардың инвестициялық саласындағы шарттардың мәтінінде сөздерді, сөз тіркестері мен терминдерді дұрыс қолданбау құқықтық норманы тәжірибеде қолданудың мазмұнының бұзылуына әкеледі деп саналады. Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы сияқты халықаралық нормалар мен конвенцияларды қолдану халықаралық инвестициялық қатынастарда тұрақтылық пен тиімділікті қамтамасыз етеді. Әлемдік ынтымақтастық пен халықаралық инвестициялардың өсіп келе жатқан көлемін ескере отырып, әртүрлі тілдерге аударманың жоғары сапасын қамтамасыз ету барған сайын өзекті бола түсетінін атап өткен жөн. Бұл инвестициялық келісімшарттар жасасу кезінде аударым процестерін реттеу және заңнаманы мұқият сақтау қажеттілігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 . Брифинг официального представителя МИД Казахстана А.С. Смадиярова о внешнеполитических результатах в 2023 году [Электронный ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/677518?lang=ru> (қаралған күні: 29.02.2024).
- 2 . Указ Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2023 года № 404 «О мерах по повышению эффективности работы по привлечению инвестиций в экономику страны»
- 3 . Мороз С.П. Актуальные проблемы инвестиционного права: Курс лекций. - Алматы: НИЦ КОУ, 2013. [Электронный ресурс] URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35480663&pos=1;-16#pos=1;-16 (қаралған күні: 03.03.2024).
- 4 . Омурчиева Э.М. Правовые аспекты инвестиционных договоров / Э.М.Омурчиева [Электронный ресурс] URL: <https://journal.zakon.kz/203317-pravovye-aspekty-investicionnykh.html> (қаралған күні: 04.03.2024).
- 5 . Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.
- 6 . Венская конвенция о праве международных договоров (принята 23 мая 1969 года)
- 7 . Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Королевства Швеции о поощрении и взаимной защите инвестиций (официальный сайт МИД РК - Вступило в силу 1 августа 2006 года)
- 8 . In *Kilic Insaat Ithalat Ihracat Sanayi ve Ticaret Anonim Sirketi v. Turkmenistan* (ICSID Дело № ARB /10/1) [Электронный ресурс] URL: <https://www.italaw.com/cases/1220> (қаралған күні: 07.03.2024).
- 9 . Лабин Д. К. Международное право по защите и поощрению иностранных инвестиций (монография; 2-е изд., перераб. и доп.). - М.: «Юстиция», 2019. - 296 с.
- 10 *LaRubint Corp. v. Joint Stock Company Studio Soyuzmultfilm*, No. 1:2022cv04461 - Document 21 (E.D.N.Y. 2023) [Электронный ресурс] URL: <https://law.justia.com/cases/federal/district-courts/new-york/nyedce/1:2022cv04461/483504/21/> (қаралған күні: 10.03.2024).